



Бекітемін:
Мектеп директоры
К.Күшеноғұл

2024 ж

Күшеноғұл

Келісемін: *Мансура*

Оқу жұмысы жөніндегі орынбасары
Байжуманова М.Е
«29» 08 2024 ж

Сарыозен негізгі орта мектебінің жаңынан ашылған шағын орталық «Еркетай» ересек

тобының 2024-2025 оқу жылына арналған

ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАРЫ

(4 жас)

Тәрбиеші: Күшкембаева А.Е

2024-2025 оқу жылы

Түсінік хат

2024–2025 оку жылында Сарыөзен негізгі орта мектебінің жаңынан ашылған шағын орталықтағы «Еркетай» ересек тобы балаларының мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың перспективалық жоспарын құрастыруда төмендегі нормативті-құқықтық күжаттарды басшылыққа алды:

- Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндettі білім беру стандарттарының бекіту туралы» бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндettі Стандарты;
 - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 9 қыркүйектегі №394 бұйрығының 1,2,3 - қосымшасы;
 - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндettін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы №499 «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» бұйрығымен (2022 жыл 14 қазан №422 бұйрық өзгерістер мен толықтырулар) бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы;
 - «2024-2025 оку жылында Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдары мен мектепалды топтарында тәрбиелеу - білім беру процесін ұйымдастыру туралы» әдістемелік нұсқау хаты («Балаларды ерте дамыту институтының» Ғылыми – әдістемелік кеңесінің шешімімен ұсынылды 2022 жылғы 26 шілдедегі №7 хаттама. Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын менгеру мерзімі бір жас тобында – 1 жыл. Күтілетін нәтижелері перспективалық жоспарда әр айда көрсетілген.
1. Физикалық қасиеттерді даму - дene шынықтыру аптасына үш рет
 2. Коммуникативтік дағдыларды дамыту - сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет күн сайын, қазақ тілі аптасына бір рет.
 3. Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту - математика негіздері күн сайын.
 4. Шығармашылық дағдыларын, зерттеушілік қабілеттерін дамыту – сурет салу, мұсіндеу, жапсыру, құрастыру күн сайын, музика аптасына екі рет. Әлеуметтік-эмоционалдық дағдыларын қалыптастыру – қоршаған ортамен таныстыру күн сайын.



Бекітемін

Мектеп директоры

К.Күшеноғұл

Жанеғ

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және

Мектепке дейінгі тәрбиемен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде

2024-2025 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары

Білім беру ұйымы: Сарыөзен негізгі орта мектебі

Топ: «Еркетай» ересек тобы

Балалардың жасы: 4 жастағы балалар

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Желтоқсан	Дене тәриесі	<ul style="list-style-type: none">Негізгі қимылдар: жан-жаққа қосалқы қадаммен журу (онға және солға), тақтайдың үстімен тене-тендік сақтап жүру, сапта бір-бірден жүгіру, гимнастикалық скамейка бойымен қолдарымен тартылып еңбектеу; онға, солға бұрылыш секіру; он және сол қолымен көлденең қойылған нысанана лақтыру (2-2,5 метр қашықтықтан), бір-бірден сапқа түр.Ырғактық жаттығулар: таныс, бұрын үйренген жаттығуларды және қимылдарды музыкамен сүйемелдеу арқылы орындау.Жалпы дамытушы жаттығулар: қолдарын алға-артқа сермеу; тізерлеп отырып, допты өзінен айналдыра домалату; екі қолды белге қойып, екі жаққа созып, отыру.Спорттық жаттығулар: шанамен сырғанау: мұз жолымен өз бетінше сырғанау.Қимылды ойындар: қимылды ойындарда жетекші рөлді орындауға үйрету;Дербес қимыл белсенділігі: балаларды педагогпен бірге жаттығуларды орындауға үйрету;
	Сөйлеуді дамыту	<ul style="list-style-type: none">Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті: сөйлеу қарқынын өзгертуді бекіту;Сөздік қор: баланың сөздік қорын айналасындағы өзін қоршаган ортадан тыс заттар мен құбылыстардың атауларымен кеңейту, аталған заттардың қолданылу аясы туралы

	<p>балалармен талқылау;</p> <ul style="list-style-type: none"> - Тілдің грамматикалық құрылымы: сан есімдерді ретімен атауга; - Байланыстырып сөйлеу: балаларды әнгіме айтуда үйрету;
Көркем әдебиет	<ul style="list-style-type: none"> - Шығарма мазмұнын дұрыс қабылдауға, кейіпкерлеріне жанашырылыш танытуға баулу. Сахналық қойылымдарға қатысуға, таныс әдеби шығармалар, ертегілер бойынша қарапайым қойылымдарды ойнауға, образды бейнелеу үшін мәнерлілікқұралдарын (интонация, ым-ишара, кимыл) қолдануға, еркін ойындарда таныс кейіпкерлердің образын өздігінен сомдауға, оларды басқа қырынан көрсетуге (қатыгез-мейірімді, аққөніл-салмақты) ынталандыру.
Математика негіздері	<ul style="list-style-type: none"> - Жиын: тең немесе тең еместігін анықтай білу. - Сан, санау: қорытынды санды атауга, «барлығы қанша?» сұрағына жауап беруге үйрету; - Шама: екі затты үстіне және қасына қою тәсілдерін қолданып салыстыру; фигуралар: сөйлеуде сын есімдерді қолданып, салыстыру нәтижелерін атау (ұзындау-қыскалау); - Уақытты бағдарлау: «ертең» туралы ұғымдарын көңейту.
Сурет салу	<ul style="list-style-type: none"> - Дәңгелек, сопак, шаршы, үшбұрыш пішіндегі қазақ оюларының элементтерін: «кұс қанаты», «бүршік», «қызғалдак», «қошқар мүйіз», «қой ізі», «кұс тұмсық», «бота мойын», «ботакөз», «ирек», «су» суретін салу, элементтердің орналасу ретін, олардың арасындағы қашықтықты сақтау. - Жеке заттарды және бірдей заттарды қайталап салу және олардың қасына басқа заттарды бейнелеу арқылы сюжеттік композицияларды салуды. - Сюжетті композицияларды салу кезінде әрбір затқа тән ерекшеліктерді, олардың бір-біріне арақатынасын беруді жетілдіру.
Мұсіндеу	<ul style="list-style-type: none"> - Бірнеше бөліктерден заттарды мұсіндеу, оларды орналастыру, пропорцияларды сақтау, бөліктерді біріктіру. - Бірнеше бөліктерден заттарды мұсіндеу, оларды орналастыру, пропорцияларды сақтау, бөліктерді біріктіруді қолдануды үйрету. - Көлемді пішіндер мен қарапайым композицияларды мұсіндеуге қызығушылығын арттыру.

	<ul style="list-style-type: none"> - Мүсіндеуде қауіпсіздік ережелерін сактауын қадағалау.
Жапсыру	<ul style="list-style-type: none"> - Дайын пішіндерден жануарлар, құстар, гүлдердің пішінін қио және ол заттарды қағаз бетіне орналастыру дағдыларын қалыптастыру. - Композицияны құрастыру кезінде заттар мен нысандардың көлемі бойынша арақатынасын ескере. Ұсақ элементтерді ересектердің көмегімен желімдеу, алдымен қағаз бетінде заттың бейнелерін құрастырып, содан кейін оны желімдеу. - Геометриялық пішіндерден, өсімдіктерден әзірленген ою-өрнектерді жолаққа бірізділігін ескере отырып, жапсыру дағдыларын қалыптастыру. - Элементтердің ретін, олардың арасындағы арақашықтықты сактауды, пішінін ескере отырып, ұлттық ою-өрнекті қолданып, тұрмыстық заттарды, ыдыстарды безендіру дағдыларын дамыту.
Құрастыру	<ul style="list-style-type: none"> - Оларды сапасы, көлемі мен пішіні бойынша тандау; - Қағаздан құрастыру: қағазды ілмекке айналдыра білу. - Табиги, қалдық материалдардан құрастыру: қалдық (қақпақтың түрлері, пластик, қораптар, кір қыстырғыштар) заттардан құрастыру.
Музыка	<ul style="list-style-type: none"> - Таныс шығармаларды білу, - Әуенде таза және сөздерді анық айтуда үйрету. Тыңдалған музықадан алған әсерлері туралы әнгімелуеу, - Қысқа музыкалық фразалар арасында тыныс алушуды дамыту. - Балалар музыкалық аспаптарын тану және атаяу.
Коршаған ортамен таныстыру	<ul style="list-style-type: none"> - Заттық әлем: қазақ халқының ұлттық киімдерімен, әшекейлерімен таныстыру; - Еңбекке баулу: топты және ойын алаңын таза ұстауға, ойыншықтарды жинауда тәрбиешіге көмектесуге баулу; - Жолда жүру ережелері: бағдаршам түстерінің белгілеріне сәйкес көшеден өту дағдыларын жетілдіру. - Өлі табиғат заттары мен заттары: қарапайым себеп-салдарлық байланыстарды бақылау және анықтау (жел соғып, жапырақтар түсті, күннің сұықтығынан жердегі қар мұзға айналды);